



SWIFT жүйесі арқылы шетел валютасында ақша аудару

SWIFT жүйесінің негізі 1973 жылы қаланды. Оны құруға 15 елден 239 банк қатысты. Сол кезден бері жүйеге қосылған банктердің саны артуда. Дамуының 30 жылдан астам уақыты ішінде қаржы телекоммуникациялар саласында көшбасшыға айналды.

Артықшылықтары:

- ақша шетел валютасында (АҚШ доллары/еуро/фунт стерлинг/швейцария франкі/ресей рублі/қытай юані) аударылады;
- ақша аударымы 2-3 жұмыс күні ішінде жеткізіледі;
- ақша клиенттің банктік шотынан аударылады;
- SWIFT жүйесін пайдаланып, ақшаны корреспонденттік шоттар арқылы аударуға болады, бұл оның жылдам әрі қауіпсіз аударылуын қамтамасыз етеді;
- аудару сомасы бойынша шектеулер жоқ.

Клиент Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес Банк комиссияларын төлеу әдісін қалауы бойынша таңдай алады:

- Жіберушінің есебінен (OUR): Банк RBK мен банк-корреспонденттің комиссиясы ақша жіберуші – Банк RBK клиентінің есебінен төленеді, үшінші тараптардың комиссиялық сыйақысы бенефициар – ақша алушының есебінен төленеді;
- Бенефициардың есебінен (BEN): Банк RBK комиссиясы ақша жіберуші – Банк RBK клиентінің есебінен төленеді, ал банк-корреспонденттің және үшінші тараптардың комиссиялық сыйақысы бенефициар – ақша алушының есебінен төленеді;
- Кепілдікті төлем (GOUR): Банк RBK, банк-корреспонденттің және үшінші тараптардың кепілдікті төлемі ақша жіберуші – Банк RBK клиентінің есебінен төленеді;
- Екі жақты шығындар (SHARE): Банк RBK, банк-корреспонденттің комиссиясы ақша жіберуші – Банк RBK клиентінің есебінен төленеді, ал банк-делдал мен бенефициар банкінің комиссиялық сыйақысы бенефициардың есебінен төленеді.

Ақша аударымын басқа банкке жіберу үшін:

1. БанкRBK кез келген филиалына немесе бөлімшесіне барып, БанкRBK ағымдағы шот ашу керек. Жекелеген жағдайларда ақшаны шот ашпай аударуға болады;
2. Ақша алушының деректемелерін:

- ақша алушының аты-жөнін, шот нөмірін немесе шоты болмаса, ақша алушының паспорт деректерін (паспорт деректерімен ақша аударуға барлық банктер қабылдай бермейді);
- бенефициар банкінің атауын, орналасқан қаланы, елді, бенефициар банкінің SWIFT-кодын немесе бенефициар банкінің басқа сәйкестендіру кодын;
- Ресей рублінде ақша аудару үшін жоғарыда аталған деректемелерден басқа ақша алушының СТСН, БСК, бенефициар банкінің корреспонденттік шотын, валюталық операция – «ВО» кодын білу қажет.

3. Жеке басын куәландыратын құжатты көрсету;
4. Ақша аудару туралы өтінішті толтырып, Банктің операциялық қызметкеріне тапсыру;
5. Аудару үшін комиссияларды есепке ала отырып, қажетті соманы шотқа енгізу керек;

Банктің қызмет көрсететін менеджерінен SWIFT ақша аударымдары бойынша операциялар жасау тәртібі, ақша алуға болатын елдер тізімі туралы толық ақпарат алуға болады.

Басқа банктен ақша аударымын алу үшін:

1. Банк RBK кез келген филиалына немесе бөлімшесіне барып, БанкRBK ағымдағы шот ашу. Жіберушіге өз деректемелерін беру;
2. Ақша аударымын алу үшін валюталық бақылау процедурасынан өту үшін Банкке келу керек. Өзімен бірге жеке басын куәландыратын, күші бар құжат болуы керек.